

## 91-ШӘМІС СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он бес аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Күнге және оның жарығына, (1) Ай, күнге ерген сәтте, (2) Жарқыраған сәтте күндізге, (3) Күндізді жапқан кезде түнге, (4) Аспанға және оны жасағанға, (5) Жерге және оны жайғанға, (6) Кісіге және оны толықтағанға, (7) Сонда оған жамандық әрі тақуалық қабілеті бергенге серт. (90-С. 10-А.) (8)

Расында нәпсісін тазартқан кісі күтылды да; (9) Әлде кім оны кірлетсе қор болды. (10) Сәмүдтің азғындары өтіріксінді. (11) Оның ең жауызы қарсы шыққанда, (12) Сонда Алланың Елшісі оларға: "Алланың түйесіне әрі оның суарылуына килікпеңдер" деді. (13) Бірақ олар оны жасынға шығарып, түйені өлтіріп тастады. Ал, сонда Раббылары оларға қылмыстарының салдарынан апат жіберіп, жермен-жексен қылды. (14) Алла, оның соңынан қорықпайды. (15)


## 92-ЛӘЙЛ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жиырма бір аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Қараңғылығы басқан сәтте, түнге, (1) Жарқыраған сәтте, күндізге, (2) Және еркек, ұрғашыны жаратқанға серт. (3) Негізінен кәсіптерің түрлі-түрлі. (4) Ал енді әлде кім (Алла жолында) берсе, тақуалық қылса, (5) Жақсылықты дұрыс деп білсе; (6) Сонда оның жолын оңайластырамыз. (7) Ал енді кім сараңдық істесе, елемесе, (8) Жақсылықты жасынға шығарса; (9) Сонда оның ауырлыққа ұшырауын оңайластырамыз. (10) (Тозаққа) жығылған сәтте, оның малы оған пайда бермейді. (11) Негізінде тура жол көрсету Бізге тән. (12) Сөз жоқ, ақирет те дүние де Біздікі. (13) Сондықтан сендерге жалындаған отты ескерттім. (14)

Оған жаумздар ғана кіреді. (15) Сондай өтірік деп жалтарғандар. (16) Тақуарақ болған одан ұзақтастырылады. (17) Сондай малын сарып қылып тазарғандар. (18) Оның онда ешкімге берер есели сыйлығы жоқ. (Біреудің өзіне істегенінің бодауы үшін емес) (19) Бірақ ұлы Раббының ризалығын ғана іздейді. (20) Сондай-ақ ол, таяуда разы болады. (21)

### 93-ЗҮХА СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он бір аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. (Мұхаммед F.C. ға бірнеше күн уахи кешігіп қалғанда кәпірлер: "Оны, Раббы тастады" деген екен. Ж.М.Р.Т.) Сәске уақытына, (1) Тым-тырыс түнге ант. (2) Раббың сені тастамады да кейімеді. (3) Әрине сен үшін ахирет, дүниеден жақсы. (4) Әлбетте Раббың саған береді де разы боласың. (5) Сені жетім түрде тауып орналастырмады ма? (6) Сені абыржуда көріп, жолға салмады ма? (7) Сені кедей көріп, байытпады ма? (8) Ендеше жетімді қорлама, (9) Сұраушыны зекіме. (10) Раббыңның нығметін білдір. (11)



### 94-ШАРХ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Сегіз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. (Мұхаммед F.C.) көңліңді ашпадық па? (1) Жүгіңді түсірмедік пе? (2) Сондай бөліңді қайыстырған, (3) Сенің абыройыңды көтермедік пе? (33-С.56-А.) (4) Негізінде ауырлықпен бірге бір жеңілдік бар. (5) Шын мәнінде қиыншылықпен бірге бір оңайлық бар. (6) Ендеше босай қалсаң және тырыс. (7) Раббыңа ғана бел байла. (8)